

**BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 1991-3494

Volume 5, Number 363 (2016), 253 – 256

N. B. Akysh

Doctor of Philology, Associate Professor, Chief researcher at M. O. Auezov Institute of Literature and Art,
Almaty, Kazakhstan

SOCIAL TRAITS IN STORYLINES

Abstract. The author proves that the artistic and stylistic features of the prose of Kazakh writers, which fully reveal the image of a contemporary in their works, come to a new level during the independence period. Especially clearly it is observed in certain narrative genres, in particular, detectives. The object of this paper includes novels and short stories by Erbolat Zhusupuly. During the analysis of these stories, literary scholar focuses on certain moments of the genre development, making interesting and new scientific findings.

Keywords: fiction, story, writer, plot, character, idea, subject.

ӘОЖ 821.512.122-3

Н. Б. Ақыш

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Бас ғылыми қызметкери, филология ғылымдарының докторы, Алматы, Қазақстан

СЮЖЕТТИК ЖЕЛІНІҢ АСТАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТИК АЙШЫҚТАР

Аннотация. Н. Ақыштың бұл мақаласында тәуелсіздік жылдарындағы қазақ жазушыларының детективтік прозасы Ерболат Жүсіпұлының повестері негізінде талқыланады. Зерттеу нысаны ретінде қарастырылатын шығармалар – жазушының «Тұнгі оқиға», «Актау үкімі», «Жетімдер үйінің жеткіншегі», «Қызыл көйлекті қылмыскер», «Қоян құлакты келіншек», «Құдық құпиясы», «Ақтың оты өшпейді», «Сонғы сапар», «Жылқышының баласы» және т.б. детективтік әңгіме-повестері. Қылмыскерлер әлемінің өзіндік ерекшелігін, психологиялық-моральдық сипаттарын, басқа да кажетті детальдарын есепке ала отырып, әрекет жасайтын бұл кейіпкерлердің сомдалу деңгейі көркем. Зерттеуші детективтік туындылардың жетістіктерімен бірге жекелеген кемшиліктерін де ашып көрсете алған.

Түйін сөздер: көркем әдебиет, әңгіме, жазушы, сюжет, кейіпкер, идея, такырып.

Жалпы алдымен көркем прозамыздағы детективжанрының табиғатын қайталап еске алу үшін ғылыми анықтамаларға сүйенгеніміз абзал. Дәстүрлі әдебиеттану ғылымындағы тұжырымдарға көз салатын болсақ, бұлғыымға берілетін түсінікtemenің біреуі мынандай: «Детективтік әдебиет (ағылш. Detective – әйгілеу, әшкерелеу) – шытырман оқиғалы қылмысты істерді ашуға құрылған шығарма» [1.197].

Ал «Әдебиеттану» деп аталатын келесі бір анықтамада: «Детективті әдебиет – шытырман оқиғалы, қылмысты ашудың екжей-текжейін өзек ететін әдеби шығармалар» [2.127] деп түйін-делген. Бажайлап, салыстыра қарағанда, бұл екі ереже мағыналық жағынан бір бірінен бәлендей алшақ жатқан жоқ. Тек екінші анықтамадағы «қылмысты ашудың екжей-текжейін өзек ететін» деген қосымша түсінік қана сәл артықтау көрінеді. Өйткені сюжеті шытырман оқиғаға негізделіп алынғанымен, детективтік шығармандың көркемдік мақсаты қылмысты ашудың екжей-текжейін тәптиштеп түсіндіріп беруі шарт болып табылмайды.

Қылмысқа қатысты зандық-процессуалдық үдеріс үстінде екжей-текжейлі жағдаяттардың (зан тілінде «мән-жайлардың») барлығы тізіліп жазылып отыратыны рас. Бірақ көркем шығармада оның барлығын мұрнынан тізбелеп айтып беру міндettі болмай қалады. Автор болған оқиғаның дамуына қарай ең қажетті деп тапқандарын ғана өзінің эстетикалық елегінен өткізіп, көркемдік міндет атқара алатын сипатына қарай оқырманға іріктең ұсынады.

Енді осы аталған талаптарға қазақ детективінің туындылары қаншалықты жауап берे алатынын тек нақты талдау барысында ғана көз жеткізуге болады. Осы арада алғашқы жарияланымда-рымен-ақ оқырмандардың белгілі бір санатының талғамын қанағаттандыра білген Ерболат Жүсіпұлының шығармалары мысалында сөз қозғасақ, тіпті де қисынсыз бола қоймас еді. Өйткені бұл автор – бұкіл шығармашылық ғұмырын тек осы жанрдың жолына байладап өткен жан.

Осы талдау барысында назар аударатынымыз – осы автордың «Тұнгі оқиға», «Ақтау үкімі», «Жетімдер үйінің жеткіншегі», «Қызыл көйлекті қылмыскер», «Қоян құлақты келіншек», «Құдық құпиясы», «Ақтың оты өшпейді», «Сонғы сапар», «Жылқышының баласы» және т.б. детективтік әңгіме-повестері. Бұл туындылардың қай-қайсысында да алдыңғы планда әрекет жасап, жедел динамикалы қозғалыста көрінетін персонаждар – қылмысты ашуши топ мүшелері. Олар қылмыскерлер әлемінің өзіндік ерекшелігін, психологиялық-моральдық сипаттарын, басқа да қажетті детальдарын есепке ала отырып, әрекет жасап жатады.

Мысалы, «Тұнгі оқиғадағы» милиция қызметкерлері осындағы жұмыс барысында қайта-қайта тығырыққа тіреліп, қыруар енбектің нәтижесі де тез көріне қоймай, оқырманды діңкелете түскендей болады. Сюжеттің түйіні де күтпеген жерден басқа арнаға түсіп барып, аяқ астынан тарқатылады.

Тұн ішінде ішкі істер қызметкерлерін аяқ астынан әбігерге салған – дүкен маңайынан жаңа ғана өлтірлген мәйіттің табылуы. Повестің бас кейіпкері, капитан Ерсұлтан Жақыпов осынау қылмыстың себеп-салдары қашан анықталғанша жарғақ құлағы жастыққа тимей, үнемі ізденіс үстінде, тынымсыз ойдан жетегінде жүреді. Жасалған ауыр қылмысты ашу барысында айналадағы адамдар, қылмыс орын алған жерде қалған түрлі айғақ-белгілер, адамдардың өзара қарым-қатынасы, бұл қылмысқа қатысы жоқ болуы әбден ықтимал көлденен штрихтар және т.б. толып жатқан криминалистикалық атрибуттар рет ретімен назарға алынып, әрқайсысы белгілі бір дәрежеде іздестіруші топтың зерттеу нысанына айналып кете барады.

Қылмыс орын бажайлай назар салып жүрген қызметкерлер газеттен жасалған оқ тұғынын, дүкенді бұзу үшін апарылған құрал-саймандарды тауып алғанымен, қуануға елі ерте болып шығады. Оқиғаның қоюлана түсінің басты себебі – саҳнаға жаңа кейіпкерлердің шығуымен шектеліп қалмай, қосымша деректердің де пайда болуы. Өздеріне «Жылпос», «Тышқан», «Торғай» деп лақап ат қойып алған жасөспірімдердің осы қылмысқа қатысы болуы әбден мүмкін екендігін ішкі интуициялары арқылы сезсе де, олардың мойындарына іле қоятын нақты дәлелдеменің жеткіліксіздігі ғана қолбайлау.

Қылмысты оқиғага қатысы бар деген сезікті адамдармен бірге милиция, прокуратура қызметкерлері де үнемі әрекет үстінде жүретін «Ақтау үкімінің» хикаясының бас кейіпкері – Марат есімді судья. Бұнда да сюжетке өзек болатын оқиға – адам өліміне байланысты қылмысты ашу жолындағы тоқтаусыз әрекеттер. Мараттың үстінен қарайтын төраға да, прокуратура тергеушілері де осы жасалған қылмысты ұсталған адамдардың мойнына іле салуға бейілді.

Негізінде, занға салған жағдайда олай болуға тиісті емес. Өйткені «Бұрын-соңды өз тәжірибесінде үкім жөнінде ешкім тапсырма беріп көрмеген. Тапсырма беруі былай тұрсын, істі қаруаға, титтей де араласуға ешкімнің қақысы жоқ емес пе? Занда солай жазылған ғой» (53-б.) деген авторлық ремарка заң мәселесінде даярлығы аз оқырманның да көзін ашады.

Судья Марат сот процесін жүргізу барасында қылмысқа қатысты дәлелдемелердің толық жиналмағанын, тиісті күэгерлердің кейбіреуінен жауап алынбағанын, тіпті алынған күэгердің берген жауаптары да бұрмаланып кеткенін анғарады. Оның үкімді бірден шығармай, созуға мәжбүр болуы да содан. Бұл шығармада сюжеттегі детективтік сарынмен берге заң қызметкерлерінің имандылығы, ожданының тазалығы сияқты шоқтықты мәселе дә қоса көтерілген.

Соттың тәуелсіз екендігі Қазақстан Республикасының Конституциясында тайға таңба басқандай анық жазылғанымен, оны белден басып кете беретін басшылардың да кездесетінін Е.Жүсіпұлы негізгі сюжеттің арасында эпизодтық деңгейде келтіріп отырып-ақ сынға алады. Ондай белден

басушилықтың адам тағдырына, денсаулығына тікелей зерту етуі өбден ықтимал екендігін шиеленісті тартыстар үстінде суреттейді. Осы хикаяда әділдік үшін күресіп, қан қысымы көтеріліп, ауруханаға түсіп қалатын зардал шегуші – жәберленуші жақтың немесе тіпті куәгерлердің өкілі емес, сottы әділ жүргізуге тырысып отырған судья Марат Нақтыбаевтың өзі.

Демек, тек детективтік сарынмен шектеліп қалмай, елеулі әлеуметтік-моральдық мәселенің өзекті жағын қозғауымен де аталған туындының идеялық салмағы ауырлап тұр. Шиеленіскен тартысты сюжеттің соңғы түйіні – кінәлі деп табылған Елжан Тұрсынбаевтың да, Мауқан Тасқынбаевтың да қазандықтың отын жағушы Жораевтың өліміне қатысы жоқ болып шығуы.

Осы жазушының персонаждар қатары көп, сюжеті де салаланып өріліп жататын келесі бір шығармасы – «Қызыл көйлекті қылмыскер» повесі. Онда оқиғаның бел ортасында араласып жүрген бірсыныра заң қызметкерлерімен бірге сезікті немесе куәгер деп танылатын, я болмаса эпизодтық деңгейдегі кейіпкерлер де төбе көрсетіп отырады. Бұлардың барлығы тұтаса келіп, уақыттың шынысын, дәуір келбетін аңғартатын адамдар тобын құрайды. Завод директорының орынбасары Бимагамабет Серікбаев, Асан ақсақал, экономист Қалдан және т.б. қатардағы кіслер өз уақытының шындығынан хабар беретін, міне, осындай жандар.

Соны адам өліміне әкеліп соқтырған қаралы оқиға Бимагамабет пен оның жиені, үй иесі Борықбек екеуінің арасындағы болмашы жанжалдан басталып кетуінің өзі де адамдар арасындағы түсініспеушіліктің қофамда белгілі бір деңгейде регрестік сипатқа ие бола алатынын көрсетеді. Бұл трагедияның бастауында тұрған адами фактор ол – өркөкіректік пен астамшылық тәрізді ұнамсыз мінез-кулық. Егер әркімнің қеудесінде осылайша теріс пиғылға апаратын мінезатойлап алдыға шықпағанда, қаралы оқиға да орын алмас еді, өз бетінше жүрген Мұқан Кенбаев тәрізді кінәсіз жан да қазаға ұшырамас еді.

Қофамға каяіп төндіретін жауыздықтың бірүясы, негізінен, ұрынарға қара таппай, қашанда соқтыға кетуге даяр жүретін бұзық мінезді жастандардың ортасы. Осылайша бір детективтік шығарманың реалистік мазмұны арқылы жазушы өмір шындығының өзекті қырларын да жалаңаштап өтеді. Оқырманды ауыр ойға қалдыратын да – ондағы қызықты сюжеттер тізбегі ғана емес, жаңағыдай моральдық керегарлықтардың көлөңкелі салдарлары.

Шытырман оқиғаны арқау ете отырып, осындай адагершілік пен имандылық мәселесін қоса өзек еткен туындының бірі – «Құдық құпиясы». Мұндағы басты тұлға – милиция бөлімшесіне келіп жоғалған күйеуіне іздел салып жүрген келіншек, оқиғаның қозғауышы күші – соның қофамға, имандылық принциптеріне жат теріс әрекеті. Адамның психологиясын аяқ астынан өзгертіп жіберетін аффект жағдайында қылмыс жасап алған бұл әйел оны жуып-шайып, сол қылмыстың салдарларына да көп бас қатыра қоймаған. Тіпті сөйтіппін-ау деп күйзеліске де түспейді.

Жауыздыққа баратында заты бұзық адам емес, бірнеше баланың анасы, қатардағы шаңырақтың отанасы, тәртіпті қызметкер. Жазушының моральдық тұрғыдан шүқшия үнілетіні де – өз ортасында жаксы адам деп танылған осындай әйел затының өз күйеуін өлтіріп, оған өтірік іздеу салған тұр көрсетуінің себеп-салдары. Күрмеуі күрделі бұл мәселені оқырман алдына көлденен тарта отырып, автордың адам болмысының барлық сыр-сипатын ашып тастауға асықпауы да өзінше бір көркемдік тәсіл.

Е.Жүсіпұлының психологиялық тұрғыдан күрделі шығармаларының бірі – «Соңғы сапар» атты туындысы. Тақырыбының астына «Қылмыс зерттеу қызметкерінің құнделігінен» деп аталағын қосымша анықтама шығарманың формасын жаңаша құруға деген ізденістің бір көрінісі. Оқиғаның өтетін көркемдік кеңістігі – шаруашылықпенайналысатын шағын ауыл. Жас жігіт Боранбайдың шешесін белгісіз біреулер өлтіріп кететін тосын оқиғадан басталған шығарма сюжеті ол аяқталғанша бір босамай, ширыға түседі, кейде күтпеген бұрылыштармен де дамиды.

Қылмысты ашуға жұмылдырылған топтың арасында полковник Сәлімқұлов, подполковник Тастақбаев, тергеуші Базарбаев, сарапшы Қаржаубаев тәрізді милиция қызметкерлері жүргенімен, оқиғалардың әлеуметтік астарына оқырман бас кейіпкер капитан Жақыповтың ой-толғамдары арқылы еніп отырады. Өйткені оқиғаға қатысы бар-ау деген әрбір детальды, әрбір қадамды назарына алып, елеп-екшеп, бәрін жіпке тізіп жүретін бірден бір адам осы капитан.

Бұл арадағы кейбір көркемдік ерекшелік белгілі бір мөлшерде ағылышының атақты бестсельершісі Агата Кристидің композиция құрудағы тәсілін еске түсіреді. Милиция қызметкерлері қанша әркеттенсе де, әлі әшкере бола қоймаған қылмыскер өлген кісінің артына қызмет етіп

жатқан қарапайым ауыл адамдарының арасында жүреді. Осы ардағы психологиялық сэттердің параллель түрде жарыса көрініп жатуы жазушы шеберлігінің бір нышаны деп санауга лайықты.

Жазған туындыларының оқырманды бей-жай қалдырмауының тағы бір себебі Ерболат Жұсіпұлының бүкіл саналы өмір жолын ішкі істер қызметіне арнап, сол қызмет барысында өзі де түрлі оқиғаларды бастан кешіруіне байланысты деп түйіндесек орынды болмақ. Жастайынан әдебиетпен әуестеніп, қазақтың көркем сөзіне ынтызар болып өскен Ерекенің қаламынан осындағы тартымды дүниелердің өмірге келуі де занды еді. Қабілетті қалам иессі осындағы нәрлі туындыларды әлі де дүниеге әкеле берер еді, егерде мезгілсіз асығып жеткен ажал өмірін дер шағында үзіп кетпегендеп.

Е.Жұсіпұлы жазатын милиция қызметкерлерінің қымыл-эрекеттері жоғарыда аталғантуын-дылардың қай-қайсысында да әр қырынан әр түрлі жағдайда көрініс тауып жатады. Тек көрініс тауып қана қоймай, басқа кейіпкерлердің бет-бейнесін ашуға, харakterлерін кестелеуге, адамдық болмысына үңіле білуғе өлшеулі түрде болса да, ықпал жасайды.

Жалпы көркем әдебиетке дайындығы ортақол оқырманның түсінігінде «детектив» дегеніміз – фабулалық бітімі тұтас, сюжеттік құрылымы шытырманға толы қызықты оқиғалардан тұратын көркем шығарма. Бұл тұжырымының растығына тоқталсақ, Е.Жұсіпұлы қаламынан туған дүние-лердің де сол талаптарға қал-қадерінше жауап берे алғатын деңгейде екендігін байқаймыз.

Детективті жанрда жазылған шығармаларға қойылатын көркемдік талаптарға женіл-желпі қарау нышаны да кездесетінін жасыруға болмас. Шынтуайтына келгенде олай емес. Өйткені жалпы көркем шығармаға тән барлық тиісті қажеттіліктерге қоса детективтің мазмұны оқиғалы, ал оқиғасы шытырманды болуы да шарт. Осы тұжырымының нақты мысалы – аталған қаламгердің жоғарыда талданған туындыларының оқырман көнілінен шығатын көркемдік-идеялық салмағы.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. Алматы: Қазақстан даму институты, 1999 . – 750 б.
- [2] Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б. 127 б.
- [3] Жұсіпұлы Е. Өмір шіркін... Астана, 2007, 254 б.

REFERENCES

- [1] Kazak adebieti: Entziklopediya. Almaty: Kazakstan damu instituty, 1999. 750 p.). (in Kaz.).
- [2] Adebiettanu. Terminder sozdigi. Almaty: Ana tili, 1998. 384 p. 127 p. (in Kaz.).
- [3] Zhusipuly E. Omir shirkin... Astana, 2007, 254 p. (in Kaz.).

Н. Б. Ақыш

Доктор филологических наук, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. Аuezова, Алматы, Казахстан

СОЦИАЛЬНЫЕ ШТРИХИ В СЮЖЕТНЫХ ЛИНИЯХ

Аннотация. Автор статьи убедительно доказывает, что художественно-стилевые особенности прозы казахских писателей, всесторонне раскрывающих в своих произведениях образ современника, выходят в годы независимости на новый уровень развития. Особенно отчетливо это наблюдается в отдельных повествовательных жанрах, в частности, в детективах. Объектом исследования статьи Н. Акыша избраны повести и рассказы Ерболата Жусупулы, в процессе анализа которых ученый-литературовед останавливается на отдельных моментах развития жанра, приходя к интересным и новым научным выводам.

Ключевые слова: художественная литература, рассказ, писатель, сюжет, герой, идея, тем.